

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

### «Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

#### Дәріс 7. Қазақ даласындағы ислам: таралуы және дамуы

**Дәрістің мақсаты** – Қазақстанда исламның таралуының негізгі факторлары мен кезеңдерін ашып көрсету.

#### Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Ислам: қазақ жерінде таралу себептері мен факторлары;
2. Зерттеулер: қазақ жеріндегі исламның таралу тарихының кезеңдері;
3. Сопылық тариқаттардың ислам дінін таратудағы орны.

Исламның қазақ жеріне таралуына қатысты ғалымдар ара- сында әртүрлі көзқарастар бар. Қазақ жеріндегі исламның таралу тарихының кезеңдеріне қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдар хронологиялық тұрғыда түркілердің исламдану тарихын алты кезеңге бөледі:

1. VIII–IX ғ. аралығы;
2. X–XVII ғ. аралығы;
3. XVIII–XIX ғ. аралығы;
4. XIX ғ. соңы XX ғ. басы;
5. 1917–1991 аралығы (кеңестік дәуір);
6. қазіргі кезең – тәуелсіздік орнағаннан кейінгі уақыт.

Жергілікті халық арасына ислам еш зорлық-зомбылықсыз бейбіт жолмен таралды. Ислам діні қазақ халқына тікелей уағыз-насихаттан гөрі ел арасында ауызба-ауыз жеткізілген діни әдебиет, қисса-дастандар мен жыр-термелер арқылы жақсы тараған. Дін таратушы миссионерлер діни сенімді түркі халықтарына уағыз-насихат, көркем сөз арқылы таратты. Діни қиссалар, ертегілер мен аңыз-әңгімелердегі кейіпкерлердің өмірлері, адамгершілік принциптері, дін жолындағы жанкештілігі тыңдаушыларды баурап, исламға алып келді. Оқиғалар желісін Құраннан алатын діни қиссалар ислам дінінің таралуына зор ықпалын тигізді.

Исламның таралуы Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың рухани өмірі мен мәдениетіне ықпал етті. Исламның жергілікті халықтар арасына ену үдерісі Саманидтер мемлекеті (IX–X) кезінде, кейіннен Карахан хандығы (X–XI) дәуірінде жүзеге асты. Бастапқыда ислам қала тұрғындары арасында таралды. Бұл туралы Ибн Хордадбек, Ибн Хауқәл, Мақдиси сияқты араб тарихшыларының деректерінде, Сүткент, Шаш, Испиджаб қалаларында мешіт болғандығы, оған жан-жақтан исламды қабылдаған оғыздар мен қарлұқтар жиналатындығы айтылған. Біртіндеп ислам діні көшпенділер арасында таралды. Мәселен IX–XII ғасырларда қыпшақтар арасында исламды қабылдағандар болды.

Қазақ даласында исламды таратуда Қожа Ахмет Ясауидің (1166 ж. немесе 1167 ж. қайтыс болған) қосқан үлесі зор болды. Оның сопылық ілімі көшпенді халық рухына жақын болғандықтан, мұнда ерекше «халықтық исламның» негізі қаланды. Сопылардың тақуалығы халықтың оларды әулие тұтып, пір санауына алып келді. Сопылықтың қазақ даласында таралу себебін З.З. Жандарбек өзінің «Йасауи жолы және қазақ қоғамы» атты еңбегінде, Қожа Ахмет Ясауидің ислам дінінің әлсіреп, мұсылман қауымының рухани-саяси дағдарысқа түскен кезінде пайда болғанын, Қ.А. Ясауи сопылық ілімі арқылы халыққа иманды қайтаруға тырысқанын, онымен қоса, ол түркі халықтарының өзіндік болмысын, салт-дәстүрін қалпына келтіруге көмектескенін айтады. Себебі VIII ғ. исламды

қабылдаған кейбір тайпалар XI–XII ғасырларда арабтанып, парсыланып кетті. Түркі халқы Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі арқылы дәстүрлі мәдениетін қалпына келтірді. Діни сенімнің таралу үдерісінде барлық халықтарға ортақ тілдің болуы біртұтас мәдениет кеңістігінің қалыптасуына ықпал етеді. Сол сияқты қазақ даласында да исламның таралуына араб тілімен қатар парсы тілі өзіндік үлесін қосты. Түркі халықтарына ислам парсы тілі арқылы келді. Исламдағы көптеген діни маңызы бар кітаптар араб тілінен парсы тіліне аударылды.

Қазақ жеріндегі ислам тарихы бірнеше ғасырды қамтыған үдеріс болғандықтан, оның жергілікті халықтар арасындағы сипаты да әр текті болды. Қала тұрғындары арасында ислам кеңінен таралып, діни білім ошақтары ашылып, мұсылмандық деңгейі жоғары болса, көшпенді халық арасында исламның «халықтық» формалары кездесті. Жалпы алғанда, тәңіршілдік, буддизм, зороастризм, манихейлік, шаманизм, христиандық сияқты діни сенімдерді қабылдаған түркі халықтарының түптеп келгенде исламды қабылдап, мұсылман болуының себептеріне қатысты отандық және шетелдік зерттеулер жүргізілген. Бұдан шығатын қорытынды қазақтар арасындағы мұсылмандықтың тамыры терең және ислам халықтың этникалық пен діни бірегейлігінің негізінде жатыр.

Исламның таралуына ықпал еткен негізгі себептер:

- Ұлы Жібек жолы: саудагерлер, араб дін таратушылары, дәруіштер;
- Тараз қаласы маңында болған қытай әскері мен араб әскерінің арасында болған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі;
- хандар мен билеушілердің ислам дінін қабылдауы; дала билеушілері жаңа діннің артықшылықтарын түсініп, өз мақсаттарында пайдаланып, исламды халықты біріктіретін ортақ идея деп түсінуі;
- қарапайым халық арасында діни аңыз-эпсаналар мен қис-салардың таралуы ақынжанды көшпенділерге батырлық, мәрттік, ер жүректік сияқты қасиеттер тән болды. Сондықтан ислам миссионерлерінің көркем түрде жеткізген насихаттары олардың жүректерінен орын табуы;
- қала тұрғындары немесе отырықшы халықтың көшпенді және жартылай көшпенділерге қарағанда исламды жақсы қабылдауы, яғни урбандалу мен исламдандырудың өзара байланысы;
- Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі;
- Қазақ хандығы кезінде исламның түрлі руларды бір тудың астына біріктіруші идея ретінде таралуы;
- Патшалық Ресейдің отарлау саясатына халық наразылығы (ислам ұлт-азаттық көтерілістердің идеялық негізіне айналды).

Қорытындылап айтқанда, қазақ топырағында ислам дінінің терең тарихы бар. Қазақ даласына ислам дінінің сіңіп кетуі ұлттық мәдениетпен үйлесімді болып келуінде жатыр, дәстүр мен діннің сабақтастығынан көрінді, «қазақи исламның» ерекшелігіне байланысты дамыды. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің діни нақышпен толықтырыла түсіп дамуы өз нәтижесін берді. Исламның кең құлаш жаюына Ясауидің сопылық ілімі де өз үлесін қосты.

Отарлау саясаты кезінде бағынышты халықтарды тәуелділікте ұстаудың тетігі ретінде ислам дініне көрсетілген қолдау, қазақ даласында мұсылмандықтың жаңғыруына септігін тигізді. Елдегі жадидизм мен панисламизм қозғалыстары қазақ жеріндегі исламның таралуының жаңа белестерін тарих сахнасына шығарды. Қазақ халқының исламдану үдерісінде дін таратушылардың түсіндіру («таблиғ»), насихаттау, ел аралау сияқты түрлі әдістерінің де үлес салмағы болғаны анық. Бұл әдістердің де бүгінгі таңда қолданыс табуы исламды дамыта түсу үшін аса қажет екендігі ескерілуі тиіс.

#### **Бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Түркілердің исламдануының негізгі кезеңдеріне сипаттама;
2. Ислам дінінің қазақ жерінде түпкілікті нығаюындағы Атлах шайқасының орны;

3. Алтын Орда және Қазақ хандықтары тұсындағы ислам дінінің қазақ жеріндегі ахуалы

**Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақатаев, С.Н. Мироззренческий синкретизм казахов (Истоки народной мысли). – Алматы, 1993. – Вып. 1. – С. 44-47.
2. Нуртазина, Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование). – Алматы: Фараб, 2000. – 312 с.
3. Бұлұтай, М.Ж. Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. – 504 б.
4. Нуртазина, Н.Д. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII нач. – XIX вв.). – Алматы, 2016. – 354 б.
5. Байтенова, Н.Ж. [т.б.]. Қазақстандағы діндер. – Алматы, 2008. – 399 б.